

Созақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 128 "Біржолғы талондар құны туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2011 жылғы 4 шілдедегі N 277 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 шілдеде N 14-12-123 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 69 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 69 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 128 «Біржолғы талондар құны туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-12-73 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 28 мамырда «Молшылық» газетінің 42-43 нөмірлерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1-тармақта «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;
қосымшаның атауында «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;
қосымшаның 18-тармағында «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының
кезектен тыс XXXX сессиясының
төрағасы: С. Таңатов

Созақ аудандық мәслихатының
хатшысы: А.Аймұрзаев

